

Жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2011 жылғы 21 қазандағы N 289 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 15 қарашада N 14-12-129 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 232 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 24.12.2014 № 232 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) кодексінің 387-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және Созақ аудандық мәслихатының 2004 жылғы 9 қаңтардағы № 21 «Жерді аймақтарға бөлу жобасын бекіту туралы» шешіміне сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Кодексінің 378, 379, 381, 383-баптарында белгіленген, автотұраққа (паркингке), автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) жерлерді қоспағанда, жер салығының базалық ставкаларын 50 процентке жоғарылатылсын».

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ аудандық мәслихатының 25.06.2013 № 110 шешімімен.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ аудандық мәслихатының
кезектен тыс XXXXIII
сессиясының төрағасы: М.Жақсыбаев

Созақ аудандық мәслихатының хатшысы: А.Аймұрзаев